

Өндіріс әдісімен ЖІӨ

Жариялау күні: 22.04.2026

Келесі жариялау күні: 15.05.2026

- [1. Негізгі тұстары](#)
- [2. Экономика салалары бойынша ЖІӨ](#)
- [3. ЖІӨ нақты өсімі](#)
- [4. Жан басына шаққандағы ЖІӨ](#)
- [5. Глоссарий](#)
- [6. Әдіснамалық түсініктемелер](#)
- [7. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер](#)
- [8. Пайдалы сілтемелер](#)

1. Негізгі тұстары

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өндірілген Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) көлемі (алдын ала деректер бойынша) 159583750,7 млн.теңгені құрады.

ЖІӨ өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты мәнде 6,5%-ға өсті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі орташа жылдық доллар бағамы бойынша есептелген ЖІӨ 305956,3 млн. АҚШ долларын құрады.

2. Экономика салалары бойынша ЖІӨ

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда тауарларды, қызметтерді өндіру және өнімдерге салынатын таза салықтар бойынша нақты өсім 8,7%, 5,2% және 5,3% құрады.

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы өндіріс әдісімен ЖІӨ

	Ағымдағы бағаларда, млн.теңге	Өткен жылғы тиісті кезеңге, пайызбен		Қорытындыға пайызбен
		НКИ	дефлятор	
Жалпы ішкі өнім	159 583 750,7	106,5	109,7	100,0
Тауарлар өндіру	58 155 538,4	108,7	108,7	36,6
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	6 078 379,7	105,8	108,3	3,8
Өнеркәсіп	42 222 225,8	107,5	110,0	26,6
Тау-кен өндіру өнер кәсібі және карьерлерді қазу	18 986 881,7	109,3	105,8	11,9
Өңдеу өнеркәсібі	20 466 318,5	106,7	113,2	13,0
Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	2 398 114,0	102,1	116,5	1,5
Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	370 911,6	93,5	120,3	0,2
Құрылыс	9 854 932,9	115,9	104,0	6,2
Қызметтер өндіру	92 098 336,0	105,2	110,6	57,6
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	31 844 716,9	109,0	112,3	19,9
Көлік және жинақтау	9 838 660,9	120,2	105,5	6,1
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	1 778 130,7	100,8	111,6	1,1
Ақпарат және байланыс	3 654 544,7	106,6	113,8	2,3
Қаржы және сақтандыру қызметі	5 825 067,6	103,0	121,6	3,6
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	14 710 843,5	100,4	126,5	9,2
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	4 614 702,7	94,7	114,6	2,9
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	3 368 776,0	95,2	110,2	2,1
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	3 003 133,0	101,5	112,5	1,9
Білім беру	5 068 728,4	101,4	87,2	3,2
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	2 874 656,2	100,6	70,1	1,8
Өнер, ойын-сауық және демалыс	1 507 721,6	102,2	117,3	1,0
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін	3 724 521,6	100,0	117,3	2,3

ұсыну


Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі, өзіндік тұтынуы үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі

Жалпы қосылған құн	284 132,2	94,7	102,3	0,2
Өнімдерге салынатын таза салықтар	150 253 874,4	106,5	109,8	94,2
Өнімдерге салынатын салықтар	9 329 876,3	105,3	106,9	5,8
Өнімдерге берілген субсидиялар	9 903 977,6	105,5	107,7	6,2
	574 101,3	109,3	122,9	0,4

Тауарлар өндірісі мен қызмет көрсетулер өндірісінің 2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ЖІӨ-гі үлестері тиісінше 36,6% және 57,6% құрады. ЖІӨ-нің өндірісіндегі негізгі үлесті өнеркәсіп саласы – 26,6% алып отыр.

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ЖІӨ құрылымы

пайызбен



Динамикалық кестелер:

[ЭҚТ бойынша ағымдағы бағалардағы ЖІӨ](#)

[ЭҚТ бойынша ЖІӨ НКІ](#)

[ЭҚТ бойынша ЖІӨ дефляторы](#)


[ЭҚТ бойынша ЖІӨ құрылымы](#)

3. ЖІӨ нақты өсімі

ЖІӨ өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты мәнде 6,5%-ға өсті. Көлік және жинақтау (20,2%), Құрылыс (15,9%), Тау-кен өндіру өнер кәсібі және карьерлерді қазу (9,3%), Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу (9%), Өңдеу өнеркәсібі (6,7%) салалары ең көп өсімді көрсетті.

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы ЖІӨ-ге негізгі салалардың қосқан үлесі


пайыздық тармақтарда



Соңғы 5 жылғы динамикада 2020 жылғы экономикалық белсенділіктің төмендеуі Covid-19 байланысты пандемияға, сондай-ақ шектеу шараларының енгізілуіне сәйкес байқалады (ЖІӨ нақты өсімі -2,5%). 2021 жылғы II-тоқсаннан бастап экономиканың біртіндеп қалпына келуі байқалады.

Жалпы ішкі өнімнің НҚИ динамикасы


пайызбен



4. Жан басына шаққандағы ЖІӨ

2025 жылғы қаңтар-желтоқсандағы (алдын ала деректер бойынша) жан басына шаққандағы ЖІӨ 15005,4 АҚШ долларын құрады.

Жан басына шаққандағы ЖІӨ динамикасы



Динамикалық кесте:

[Жан басына шаққандағы ЖІӨ](#)

5. Глоссарий

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Жалпы қосылған құн – аралық тұтыну құнын шегергендегі жекелеген өндірушілер, салалар немесе экономика секторлары енгізген ЖІӨ-ге салымның көрсеткіші болып табылатын жалпы шығарылым құны.

Жалпы шығарылым – есепті кезеңде ұлттық экономиканың резидент-бірліктерінің өндірістік қызметінің нәтижесі болып табылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтық құнын білдіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді шығару.

Аралық тұтыну – өндіріс процесінде трансформацияланатын немесе толық тұтынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құны.

Дефлятор – белгілі бір кезеңдегі экономикадағы бағаның орташа өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш.

Салым – көрсеткіш бойынша пайыздық өзгерістің ЖІӨ-нің жалпы мәніне әсер ету шамасы.

Өнімдерге салынған салықтар мөлшері өндірілген өнімдер мен көрсетілген қызметтердің құнына тікелей байланысты.

6. Әдіснамалық түсініктемелер

Өндіріс әдісімен Жалпы ішкі өнім экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы қосылған құнның сомасын көрсетеді, ол өнімдерге салынатын таза салықтар шамасына көбейтіледі. «Таза» термині салықтың тиісті субсидиялардың шегеріліп көрсетілгендігін білдіреді.

2025 жылғы қаңтар–желтоқсан бойынша деректер 2025 жылғы 21 тамыздағы Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесіне енгізілген өзгерістерді және 2025 жылғы 29 тамыздағы Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесін ескере отырып, алдын ала деректер негізінде есептелді.

7. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Табыстар әдісімен ЖІӨ](#)

[Түпкілікті тұтыну әдісімен ЖІӨ](#)

[Жалпы өңірлік өнім](#)

[Қысқа мерзімді экономикалық индикатор](#)

8. Пайдалы сілтемелер

[Статистика бойынша әдіснамалық ереже](#)
[Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесі](#)
[Тұрғын үй рентасын бағалау әдістемесі](#)
[Қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесі](#)
[Екінші деңгейлі банктердің қаржылық қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)
[Орталық Банк қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)
[Зейнетақы қорларының көрсетілетін қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)
[Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесі](#)
[Сақтандыру қызметтерін есепке алу әдістемесі](#)
[Өнімдерге және импортқа салынатын салықтарды есепке алу әдістемесі](#)
[Еңбек өнімділігін есептеу әдістемесі](#)
[Ағымдағы және тұрақты бағалардағы өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу әдістемесі](#)
[Тұрақты бағалардағы қаржы қызметінің жалпы қосылған құнын есептеу әдістемесі](#)
[Қазақстан Республикасының ұлттық шоттары, Сапа жөніндегі есеп, 2022ж.](#)
[2024 жылғы ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлесін бөліп көрсете отырып, өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім. Сапа жөніндегі есеп.](#)
[«Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Шығаруға жауапты: Ұлттық шоттар департаменті	Департамент директоры: Накипбеков А.Е. Тел. +7 7172 74 97 17	Орындаушы: З.А. Жүнісова, Д.К.Ибраева, Ж.З.Ботабаева Тел. +7 7172 74 93 02 E-mail: z.shigambaeva@aspire.gov.kz d.ibraeva@aspire.gov.kz zh.botabayeva@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000,Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
---	---	---	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы